



**FREEDOM
BANK**

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ ESG саясаты

1-тарау. Жалпы ережелер

Осы «Фридом Банк Қазақстан» АҚ ESG саясаты (бұдан әрі – Саясат) "Фридом Банк Қазақстан" АҚ-тың (бұдан әрі- Банк) **экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару (бұдан әрі – ESG) мәселелерін** қамтитын қағидаттарды сақтау тәсілдерін қалыптастыру, сондай-ақ **орнықты дамуға қолдау көрсету** мақсатында әзірленді.

Бұл саясаттың мақсаты экологиялық әсерді барынша азайту, адам құқықтарын қолдау, инклюзивті мәдениетті дамыту, корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын сақтау және клиенттерге, қызметкерлерге және серіктестерге әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етуді қоса алғанда, **қызметтің барлық аспектілеріне орнықты даму қағидаттарын интеграциялау болып табылады.**

Орнықты даму саласындағы жаһандық бастамалардың қатысушысы ретінде Банк өз қызметінің әсерін бағалауға, басым мақсаттар мен міндеттерді бөліп көрсете отырып, ESG қағидаттарын және орнықты дамуды енгізуге міндеттенеді.

Негізгі нормативтік құқықтық актілер, құжаттар және фреймворктер:

- ҚНРДА Төрағасының 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 291 бұйрығымен бекітілген Банктер мен басқа қаржы ұйымдары үшін экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару саласындағы ақпаратты ашу жөніндегі басшылық;
- Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 ақпандағы № 121 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясы;

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 1021 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы;
- Қазақстан Республикасының Экология кодексі 2021 жылғы 2 қаңтардағы №400-VI ҚРЗ;
- ҚНРДА Төрағасының 2024 жылғы "15" шілдедегі № Б-228 бұйрығымен бекітілген Банктер мен басқа қаржы ұйымдарына арналған Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару бойынша әдістемелік басшылық;
- БҰҰ Орнықты Даму Мақсаттары;
- ESG Policy of Freedom Holding Corp.;
- ICMA (The International Capital Market Association);
- LMA (Loan Market Association);
- APLMA (Asia Pacific Loan Market Association).

2-тарау.

Қолданылатын ұғымдар мен қысқартулар

Осы Саясатта келесі ұғымдар мен қысқартулар қолданылды :

- **Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚНРДА)** – Қазақстандағы қаржы нарықтарын, қаржы ұйымдарын, сондай-ақ өзге тұлғаларды мемлекеттік реттеуге, бақылауға және қадағалауға жауапты мемлекеттік орган;
- **Банк** – «Фридом Банк Қазақстан» АҚ;
- **ВД** – Банктің ішкі құжаттары.
- **Environmental, Social, and Corporate Governance (ESG)** – компанияның қоршаған ортаны қорғауға, қолайлы әлеуметтік жағдайлар жасауға, қызметкерлермен, клиенттермен адал қарым-қатынасқа және тиісті корпоративтік басқаруға негізделген қызметінің қағидаттары;
- **Freedom SuperApp** – Банктің мобильді қолданбасы;
- **Жауапты қаржыландыру** – қаржылық пайданы ғана емес, сонымен қатар экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік аспектілерді ескеретін қаржыны басқару тәсілі;
- **Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ)** – Халықаралық ұйым;
- **БАҚ** – бұқаралық ақпарат құралдары;
- **Scope 1,2,3** – ұйымның көміртегі ізі тұжырымдамасы шеңберіндегі парниктік газдар (ПГ) шығарындыларының санаттары;
- **тұрақты даму** – компанияның және оның мүдделі тұлғаларының қажеттіліктерін қанағаттандыру болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажетті адами және табиғи ресурстарды сақтау және дамыту арқылы жүзеге асырылатын компанияның мақсаттарына жетудің ұйымдастырушылық қағидаты.
- **ЭжӘ** – Тәуекелдерді басқару жүйесі контекстіндегі экологиялық және әлеуметтік;

3-тарау.

Қағидаттар мен тәсілдемелер

Банк қоғамға және қоршаған ортаға зиян келтірусіз **тұрақты дамуды** көздейді.

Банк барлығына әділ қарауды қамтамасыз етеді, адам құқықтарын сақтайды және барлық мүдделі тұлғаларға тең мүмкіндіктерді қолдайды.

Банк тікелей және жанама шығарындылардың көміртегі ізін, оның ішінде оның инвестициялық және кредиттік қызметін жүзеге асыру барысында Банк қаржыландыратын шығарындыларды бағалайды.

Банк жауапты қаржыландыру механизмдерін әзірлейді, клиенттердің ESG қағидаттарына бейімделуіне қолдау көрсетеді, экологиялық, әлеуметтік факторларға байланысты тәуекелдерді бағалайды және олардың көлемін азайтуды көздейді.

Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет етеді және қоғам мен мемлекет алдында алған міндеттемелерін орындайды.

4-тарау.

Жауапты қаржыландыру

Банк әлеуетті экологиялық және әлеуметтік әсерлерді сәйкестендіруді, бағалауды және басқаруды қамтитын **ЭжӘ-тәуекелдерін басқару жүйесін енгізеді**, соның ішінде қаржыландырылған жобалардың қаржылық және операциялық тиімділігіне, сондай-ақ Банк портфелінің жалпы тәуекел бейініне қандай да бір түрде әсер етуі мүмкін ЭжӘ-тәуекелдеріне талдау жүргізеді.

Банк экологияға елеулі зиян келтіретін немесе Банктің құндылықтарына қайшы келетін әлеуметтік этикаға қайшы келетін тәжірибеге тартылған **қаржыландыру жобаларынан бас тартады**.

5-тарау.

Қоршаған ортаға әсерді басқару

Банк қоршаған ортаны қорғауға деген міндеттемесін атап көрсетеді және өзінің операциялық қызметінің көміртегі ізін азайтуға тырысады, соның ішінде Банк энергия тиімділігін жауапты басқаруды арттыру және қалдықтарды азайту мақсаттарына назар аудара отырып, ішкі процестерді жаңарту тұрақты даму міндеттемесінің маңызды бөлігі болып табылады деп санайды.

Банк парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларын, оның ішінде Банктің инвестициялық және кредиттік портфельдерінің қаржыландырылатын шығарындыларын бағалау арқылы өзінің қоршаған ортаға әсерін басқарады.

6-тарау.

Жеткізу тізбегі

Банк өзінің құн қалыптастыру тізбегінде жеткізушілермен де, тұтынушылармен де өзара әрекеттесуге назар аударады және оның серіктестері мен жеткізушілерінің тұрақты даму стандарттарына және Банктің ESG қағидаттарына сәйкес ақпаратты ашу талаптарына сәйкес келуін, соның ішінде адам құқықтарын бұзумен, балалар еңбегін пайдаланумен немесе мәжбүрлі еңбекпен байланысты кез келген әрекеттерден, кемсітушілік және басқа да жағымсыз тәжірибелерден аулақ болуын қамтамасыз етуге тырысады.

7-тарау.

Корпоративтік басқару

Банк тұрақты және әділ корпоративтік басқару, этикалық іскерлік тәжірибелер, тәуекелдерді тиімді басқару, сондай-ақ комплаенс-бақылаудың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың және кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимылдың (КЖ/ТҚҚ) пәрменді механизмдері тұрақты дамуды қамтамасыз етуге және қызметкерлер, клиенттер мен серіктестер үшін ұзақ мерзімді құндылықты қалыптастыруға қажетті негізгі элементтер болып табылатынын мойындайды.

Банк қолданатын корпоративтік басқару қағидаттары Банктің уәкілетті алқалы органдарына өз қызметін тиімді орындауға ықпал етеді, сондай-ақ ашықтық пен құқықтық нормалардың сақталуын нығайта отырып, Банктегі қызметкерлер мен бөлімшелер арасында міндеттерді, құзырет пен өкілеттіктерді нақты бөлуді қамтамасыз етеді.

8-тарау.

Әлеуметтік жауапкершілік

Банк нәсіліне, жасына, жынысына, әлеуметтік мәртебесіне, мүгедектігіне немесе діни сеніміне қарамастан жұмысқа орналасуына және мансаптық өсуіне тең жағдайларды ұйымдастыру, соның ішінде әртүрлілікті сақтау және түрлі қабілеттері, әлеуметтік және мәдени тәжірибесі бар қызметкерлерді ұсыну арқылы өз қызметкерлеріне әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етеді.

Банк қызметкерлердің физикалық және психикалық денсаулығына назар аудара отырып, қауіпсіз және жайлы жұмыс ортасын құру арқылы өз қызметкерлерінің денсаулығын және жұмыс орнында қорғалуын қадағалайды.

Банк ESG аспектілерін қамтитын тақырыптарды қоса алғанда, кәсіби және жеке құзыреттерді дамытуға бағытталған бағдарламаларға қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, қызметкерлерді оқыту мен дамытуды қамтамасыз етеді.

Банк клиенттермен қарым-қатынасты цифрлық платформалар арқылы ыңғайлы банктік өнімдермен қамтамасыз ету арқылы қолдайды.

9-тарау.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу

Мүдделі тараптармен жұмыс осы Саясатты сәтті енгізудің негізгі элементі болып табылады. ESG және тұрақты даму саласындағы белсенділік барлық қатысушы тараптардың мүдделерін есепке алуға, сондай-ақ ұзақ мерзімді құндылықты қалыптастыруға бағытталған. Бұл мақсатқа өзара әрекеттесудің ең қолайлы әдістері мен байланыс арналары таңдалады. Өзара әрекеттесу клиенттер, акционерлер, реттеушілер, жұмыскерлер, серіктестер және қоғам сияқты мүдделі тараптардың кең ауқымын қамтиды:

Мүдделі тараптар тобы

Клиенттер

Өзара әрекеттесу әдістері

Кері байланыс

Қызметтер мен өнімдердің сапасын жақсарту үшін клиенттердің пікірлерін (өтініштерін) тұрақты түрде алу және талдау.

Байланыс арналары

Байланыс желісі, электрондық пошта және онлайн-чат.

- salem@freedombank.kz – Банк клиенттерінің жалпы мәселелеріне арналған сыртқы арна;
- security@freedombank.kz – Банк клиенттерінің қауіпсіздік мәселелері бойынша сыртқы арна;
- 595 нөміріне тегін қоңырау шалу;
- ҚР және шетелдегі клиенттер үшін +7 776 159 55 95 нөміріне тегін қоңырау шалу;
- Instagram, Facebook, TikTok;
- Freedom SuperApp, Freedom Banker (Google Play, App Store) қолданбасы.

Акционер

Кері байланыс

Банктің стратегиясын талқылау және мақсаттарына қол жеткізу үшін акционермен кездесулер мен жиналыстар ұйымдастыру.

Есептілік

Банк қызметінің нәтижелері туралы қаржылық есептер мен ақпаратты тұрақты түрде ұсыну.

Мүдделі тараптар тобы

**Реттеушілер
мен қадағалау
органдары**

Өзара әрекеттесу әдістері

Нормативтік талаптарды сақтау

Қазақстан Республикасы
заңнамасының және реттеуші
нормалардың талаптарын уақтылы
орындау.

Есептілік пен аудит

талаптарға сай болу мақсатында
тұрақты түрде тексерулер мен
аудиттер жүргізу.

Диалог және ынтымақтастық

туындаған мәселелер мен
қиындықтарды шешу үшін
реттеушілермен үздіксіз өзара
әрекеттесу.

Жұмыскерлер

Ішкі байланыс

жиналыстар, хабарлама тарату
және корпоративтік іс-шаралар
және байланыстың өзге де
тәсілдері/арналары арқылы тиімді
ішкі байланысты қамтамасыз ету.

Қатысу және ынталандыру

қызметкерлердің шешім қабылдауға
қатысуын қолдау және оларды
ынталандыру тетіктерін енгізу.

Мүдделі тараптар тобы

Серіктестер мен жеткізушілер

Өзара әрекеттесу әдістері

Қарым-қатынастарды басқару

бизнес-серіктестермен және жеткізушілермен тиімді және ұзақ мерзімді қарым-қатынасты сақтау.

Бағалау және бақылау

серіктестер ұсынатын қызметтер мен өнімдердің сапасын бағалау.

Шарттық міндеттемелер

шарттық міндеттемелерді уақтылы орындау және іскерлік қатынастарда ашықтықты сақтау.

Қоғам және БАҚ

Ашықтық және бедел

Банктің www.freedombank.kz ресми веб-сайтында жаңалықтарды жариялау арқылы Банктің қызметі, оның жетістіктері мен әлеуметтік бастамалары туралы үнемі хабардар ету.

Әлеуметтік жауапкершілік

қоғамдық мүдделерді қолдауға және әлеуметтік ортаны жақсартуға бағытталған корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бағдарламаларын, сондай-ақ қайырымдылық сипаттағы жобаларды енгізу.

10-тарау.

Саясаттың қағидаттары мен тәсілдерін орындау механизмі

Тұрақты даму мәселелерін тиімді басқару Банктің ұзақ мерзімді стратегиясының негізгі элементі болып табылады. Механизмнің негізгі құралы Тұрақты даму туралы қаржылық емес есепті Банктің ресми веб-сайтында жариялау болып табылады.